

## Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 512 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2015 жылғы 29 мамырда Бурабайда жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру туралы келісім мынадай «5-баптың 1 және 2-абзацтарындағы "және осындай көрсетілетін қызметтерді алуға мүдделі ұйымдар" деген сөздер Қазақстан Республикасында қолданылмайды» деген Қазақстан Республикасының ескертпесімен бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

3 1

т а м ы з д а ғ ы

№

5 1 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Үкіметтері

1992 жылғы 15 мамырдағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім ережелерін, 1997 жылғы 17 қаңтардағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Бірыңғай (жалпы) білім беру кеңістігін қалыптастыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді, 2007 жылғы 25 мамырдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер мамандарының біліктілігін арттыру және кәсіптік қайта даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді назарға ала отырып, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру процесін орнықты дамытуға ұмтыла отырып,

«өмір бойы білім алуды» дамытудың заманауи үрдісін ескере отырып, жалпы білім беру ұйымдарының (жалпы білім беру мекемелері, жалпы орта білім

беру мекемелері) (бұдан әрі - жалпы білім беру ұйымдары) педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру саласындағы бірлескен бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыруда Тараптардың ынтымақтастығын іске асыру тетігін құрудың қажеттілігін ұғына отырып,

ұзақ мерзімді ынтымақтастық жасау және ересектерге қосымша білім беру саласында интеграциялық процестерді тереңдету мүддесінде төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Осы Келісімде жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бұрын алған кәсіптік білімдері, біліктіліктері мен дағдыларын кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге бағытталған, оқу уақытының ұзақтығы 16 академиялық сағаттан кем емес, тиісті құжатты бере отырып, қорытынды аттестаттаумен аяқталатын қосымша кәсіптік білім беру бағдарламаларын (қосымша кәсіптік бағдарламалар, ересектерге арналған қосымша білім беру бағдарламалары) іске асыру деп түсіндіріледі.

## **2-бап**

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің әрқайсысындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес Тараптар жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бөлігінде нормативтік құқықтық базаны жетілдіру үшін шаралар қабылдайды.

## **3-бап**

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің әрқайсысындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес әрбір Тарап жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесі туралы ақпаратты басқа Тараптарға беруге жауапты уәкілетті органды (органдарды) айқындайды.

## **4-бап**

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің әрқайсысындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес әрбір Тарап өз мемлекеті аумағында кәсіптік қызметті жүзеге асыратын басқа Тараптардың жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне біліктілігін арттыруға көрсетілген Тараптың жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерімен тең құқық береді.

## **5-бап**

Тараптар жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру саласындағы қызметтерді ұсынатын Тараптың білім беру ұйымдары (білім беру мекемелері, білім мекемелері) және осындай көрсетілетін қызметтерді алуға мүдделі ұйымдар арасында тікелей байланыс орнатуды және жұмыс тәжірибесін алмасуды дамытуға жәрдем көрсетеді, сондай-ақ көрме қызметінде және көрсетілген саладағы білім беру қызметтерін жарнамалауға жәрдем көрсетеді.

Жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларын іске асырудың экономикалық, ұйымдық, құқықтық шарттары халықаралық шарттарға және осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің әрқайсысындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес Тараптардың жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру саласындағы көрсетілетін қызметтерді ұсынатын Тараптардың білім беру ұйымдары (білім беру мекемелері, білім мекемелері) және осындай көрсетілетін қызметтерді алуға мүдделі ұйымдар арасында жасалатын шарттарда айқындалады.

## **6-бап**

Тараптар халықаралық міндеттемелерге және осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің әрқайсысындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз мемлекеттерінің аумақтарында жалпы білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру саласында көрсетілетін қызметтерді ұсынатын Тараптардың білім беру ұйымдарына (білім беру мекемелері, білім мекемелері) бірлескен білім беру қызметінде жәрдем көрсетеді.

## **7-бап**

Осы Келісім Тараптардың әрқайсысының өзі қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан өзі үшін туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **8-бап**

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын, тиісті хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **9-бап**

Тараптар арасындағы осы Келісімді қолдануда және талқылауда туындаған даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері жолымен немесе Тараптардың келісімімен басқа да рәсімдер арқылы шешіледі.

## 10-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кеш орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарий тиісті құжаттарды алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

## 11-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін ТМД-ға кез келген қатысушы мемлекеттің депозитарийге қосылу туралы құжатты беру арқылы қосылуы үшін ашық. Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

## 12-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен шыққанға дейін 6 айдан кешіктірмей өзінің осындай ниеті туралы допозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып және Келісімнің қолданысы уақытында туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді реттеп, осы Келісімнен шығуға құқылы.

2015 жылы 29 мамырда Бурабай кентінде (Қазақстан Республикасы) орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

<i>Әзербайжан Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Ресей Үкіметі үшін</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Армения Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Тәжікстан Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Беларусь Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Түрікменстанның Үкіметі үшін</i>	
<i>Қазақстан Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Өзбекстан Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Қырғыз Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Украина Үкіметі үшін</i>	
<i>Молдова Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>		

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру туралы келісімге Қазақстан Республикасының Ескертпесі**

5-баптың 1 және 2-абзацтарындағы "және осындай көрсетілетін қызметтерді алуға мүдделі ұйымдар" деген сөздер Қазақстан Республикасына қолданылмайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ